

ОТЫРАР МҰРАЖАЙЫ ҚОРЫНДАҒЫ АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН ҮДЫС-АЯҚТАР

Дүниежүзі білімі мен мәдениетінің Аристотельден кейін екінші ұстазы атанған энциклопидист ғалым «Әбунәсір әл-Фараби: «Өз ісінің білгір һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге үмтілуды керек» деген екен. [1.15.] Демек, көшпелі ата-бабамыз езінің кешіп-конуына ынғайлыш жиһазжабдықтарды пайдалану үшін ағаштың қасиетін жоғары бағалап, ағашты бейберекет кесуге тиым салғандығы, «Әкеден мал қалғанша, тал қалсын», «Бабын тап та бақ өсір» деген нақылдары осының дәлелі. Қазақ халқы ағаштың әртүрлі қасиеттерін жоғары бағалап, одан түрмисқа тұтынатын әртүрлі бұйымдар жасаған [2.31.].

Еліміз егемендік алғаннан бері ұлттық қолөнерімізді дамытуға ерекше қөніл бөлінуде. Қазіргі танда қолөнеріміз жаңданып, екінші тынысы заманауи талапқа сай, құнделікті өмірге лайықталып жасалып қолданылуда. Тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек заттарды әшекейлеу, тіпті, сонау тас дәүірінің соңғы кезінен-ақ басталғаны анық. Алғашқы адамдар тастан жасалған құралдарының бетін бедерлеп, әртүрлі әшекейлер салған. Бертін келе қола заманының тұсында адамдар қоладан, мыстын жасаған заттары мен қару-жараптарын, лайдан құйылған керамикалық ыдыстарын өздерінше оюлармен айшықтай білген. «Андронов» заманында қазақ жерін мекендейген тайпалар сонымен қатар жүннен, теріден, ағаштан, сүйектен істелген үй жиһаздары мен құрал-жабдықтарын ою-өрнекпен әшекейлеу сияқты қолөнердің қаншама жана түрлерін ойладап тауып, қолданып отырган. [3.10.]

Біздің құнделікті өмірімізде ағаштың маңызды материал екендігі бәрімізге аян, өйткені қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап есken заманында өз маңызын жоғалтқан жоқ [2.31.]

Халқымыздың түрмисында күні бүгінге дейін сақталып келген түрмисстық бұйымдар, ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері ете көп. Солардың бірі көшпелі мал шаруашылығынан жартылай отырықшылыққа ауысып егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының құнделікті түрмисқа қажетті ағаштан жасалған бұйымдары болып табылады [4.34.]

Халқымыздың өмірінде ағаштан жасалған бұйымдардың орны ерекше, тіпті құнделікті түрмиста пайдаланылатын түрмисстық заттары мен үдис-аяқтары көшіп-қонуға бейімделіп жасалған. Ағаш шеберлері енбек, қару-жарақ құралдарынан бастап үй жиһаздары мен үдис-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап көркемдеген. Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер емен, қайын, самырсын, үйенкі, қызылқарагай, шынар, қара ағаш, ыргай, шыргай, тас жарған, мойыл, жиде, тораңыл, жиде тал, жеке ағашы, арша, жаңғақ, май қарағай сияқты талдарды пайдаланған. Бұлардың бірі қатты, бірі жонуға онай, жылтыр жарылмайтын болса, енді кейбірі ілгіш, жеңіл, су сіңбейтін, барлық бояу сіңгіш, желім ұстагыш болып келеді. Сондықтан ағаш шеберлері ағаштың ерекшеліктерін, әр ағашқа тән қасиеттерді ете жақсы білген. Олар ағаштың қаттылығы, тығыздығы, ілгіштігі, серпімділігі, түсі, дәмі, салмағы, тұтқырлығы, жарылғыштығы, шайырлығы, дыбыс өткізгіштігі, т.б. қасиеттеріне байланысты белгілі бір заттар жасауға пайдаланған [2.31.]

Алдымен ағаш шеберлері қажетті ағашты даярлап алады. Ол үшін таңдап кесіп алынған ағашты дұрыстап кептіреді. Кептіргенде күн көзі ағашқа тұра түссе, ағаш жарылып, іске жарамсыз болып қалатындықтан, халық шеберлері ылғал ағаштың қабығын аршып, өне-бойын тұтастай сиырдың жапасымен сипап, көленкеде кептірген. Кейде қабығы аршылған ағаш дінін көннің арасына, құрғак құм, топырақ, ағаш үгіндісі мен құрғак жапыраққа көміп қойып та кептірген. Байырғы шеберлер ағаш негүрлым ұзак кепсе (сақталса) соғүрлым сапасы жоғары болады деп есептеген. Ағашты жарып алмау, шірітпеу, құрттарға жегізбеу жағы қатаң ескерілген. Ұсталар ағаштан үдис-аяқ жасауға да айрықша ден қойған, ыдисты мықты болсын деп қайынның безін ойып, көленкеде кептіріп, содан кейін тұзды суға қайнатып алып, тағы да көленкеде кептіріп дегдітіп, асықпай шауып алып, ұнғып өндеуге дайындаған. Өйткені әбден кепкен қайында бетен іс те, шайыр да болмайды. Сондықтан оған құйылған тамақтың дәмі де бұзылмайды, әрі ыстық-суыққа төзімді болып, жарылмайды. Үдисстарды қызыл, қоңыр және сары бояулармен бояған [2.40.]

Ағаш ұсталары әр түрлі құрал-саймандарды пайдаланған, балта, пышкы, ұстірік(сүргі), бұрғы, ағаш түрпі, тез, қыскы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланды. Сондай - ақ түрлі өлшеуіштер мен үлгілер, қырғылар, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болды. Сол жабдықтар арқылы ағаш ұсталары кесу, шабу, кию, жону, керту, ою, оймыштау, қырнау, қыру, тесу, сүргілеу, тілу, қару, бояу, жылтырату, сырлау, шегелеу, желімдеу, т.с.с жұмыстарды жүргізген [5.26.]

Ортаазиялық ағаш оюышыларының жоғары деңгейдегі шеберлігін ХХ ғасырдың басындағы ресейлік саяхатшы-зерттеуші Н.М.Бачинский былай деген: « Орта Азиядағы ағаш ою өнерін қарасытырған кезде - ағаш, орман атаулы соншалықты қат осындаған елде сәндік өнердің мұндай әдемі түрі қалай пайда болды деген сұрақтан қашып күттила алмайсыз. Бұл сұраққа істің мәнімен жауап беруге болады: ағаштың салыстырмалы түрде жоғары бағалануы мен қаттылығының нәтижесінде құрылымы мен тұрмыстағы оған деген қатынас, құрылымы материалдарының басқа түрлеріне қарағанда өте мұқият болып, оған ерекше мән берілді. Сол себепті оны өндеген кезде мұқияттылық қатты сакталынды. Мұны біз көркем оюдан байқай аламыз».

Әртүрлі аймақтарда жергілікті орманда өсетін ағаштардың алуан түрі пайдаланылады. Орман алқапты солтүстік облыстарда ағаштың жапырақты түрлерінен кең қолданылатыны: айқын текстуралы қызыл қайың, қара және қызыл қандағаш, шетен, жанғақ, үйенкі, емен. Ағаштың бұл түрлері салыстырмалы түрде жұмсақ болады. Сондықтан олар оңай өнделіп, кесуге және бояуга женил келеді.

Біздің өлкеміз Сырдария бойында да ағаш оюға - шынар, жанғақ, алмұрт, жиде, қараған және т.б. Қайың және жанғақ ағаштарының бұлтықтары мен тамырлары пайдаланылған. Олардың тамырлары әсіресе, қайыңның тамыры өндеген кезде әдемі тектика береді. Ағаштардың әр түрлінің әрқайсысының өз табиги ерекшеліктерін қазақ шеберлері өте мұқият ескерген.

Қазак ұсталарының қымызға арналған ыдыстары ерекше назар аудартады. Қымызға арналған ағаш ыдыстар: тегене, шара, сапты аяқ, тостаган, күбі, піспек. Ел ішінде бұл ыдыстардың түрлері күнделікті өмірде кеңінен қолданылса, оның сәндептік жасалған ғажайып түрлері де аз болмаған.

Отырар археологиялық қорық-музей қорында ағаштан жасалған ыдыс-аяқтардың 90-нан астам түрлері бар. Солардың бірнешеуіне тоқталып кетер болсақ: Құбі мен піспек. Сыыр малының сүтін пісіп, майын алу үтпін күбіге құйып, піспекпен тайқаған. Қазақстанның барлық өнірлерінде ағаштан әр түрлі күбілер жасалады. Құбі жасаудың да екі түрі болған – тұтас қайың кесіндісінің езегін ұнғып, кенектүй арқылы жасалғаны және әр-түрлі ағаштардан дайындалған бірнеше бөлек жінішке тақтайшалардың темір құрсауларымен біріктірілуі арқылы жасалатын. Ағаш күбілердің тұп жағы жуандай болып келеді де, жоғарылаған сайын жінішкере береді. Аталмыш технологияда жасалынған құбі түрлерін Отырар музейінің қорынан XIX ғасырдың қолөнер шеберлерінің зерек ұсталығының негізінде қайыңды ұнғу әдісімен жасалынған ТК-462 нөмірдегі ұзындығы 1 метрдей болып келетін құбі өзіндік маңыздылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бірнеше ағаш тіліктерін темір құрсаулармен біріктіру әдісімен жасалынған күбінің түрлері музей қорында сақтаулы тұр. Мұндай қарапайым үлгіде жасалынған құбі қазіргі уақытқа дейін еліміздің барлық аумақтарында қолданыста бар екені белгілі.

Ата-бабамыз егін шаруашылығымен айналысқандықтан, тары, жүгері тағы да басқа дақылдарды түю үшін келі-келсапты қолданған. Қазак ұсталары келі – келсап жасау үшін көбінесе жепшендігे жарыла қоймайтын қайың ағашынан ішін ұнғып немесе екі не үш ағаш кесіндісінен қиуластырып, түйе терісімен қаптап та жасайтын болған. Келішілердің айтуынша келіні жасау үшін қыста бойына әбден нәр жинап, тас буын болып, қатайған талдарды түбірімен қазып алып, оны жаз бойы әбден кептіріп алады екен. Ағашты кептірудің бірнеше түрі болған. Мысалы: дөнбектің қабығын аршымай, күмға көміп кептіретіні, дөнбектің қабығын арпымай, ағапқа сиырдың тезегін жағып, оны қара көленкеде кептіретіні, кеспектің екі шетінен бір – бір қарыс жерінен гана қабығын қалдырып, қалған жерінін қабығын түгел аршып, оның екі шетіне саз балшық жағып, көленкеде кептіретіні, дөнбектің қабығын бірден аршып тастап, оны екі күн кептіретіні. Енді осы кепкен кеспектің ішін ойып алады да, ішіне құрғақ топыракты толтырып, жерге бір жұма бойы көміп тастаган, құрғақ топырақ келінің бойындағы ыза мен тұзды сорып алады екен. Содан кейін келінің бір қалыпты температурада жылы жерде кептірген [5.13].

Келі құрылымы жағынан екі түрге бөлінеді. Біріншісі – «Тұбі тегіс келі», мұндай келінің тұбі тегістеу болып келеді де, келсап тиіп, дәнді жармалап майдалауға, ұнтақтауға қолайлы болады. Екіншісі – «Тұбі шұнғыл келі», келінің тұбін шұнғыл етіп ойылған да, дәнді актауға пайдаланған. Шеберлер дайын болған келінің қызған тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына түгелдей қойдың құйрық майын немесе немесе түйе қомының майын әбден сінгенше жағады. Келі

жарылып кетпеу үшін, оның іні мен табанын түйенің иленбекен терісімен қаптайды, шикі тері кепкен кезде тарылады да, келіні қатты қысып қалады. Сөйтіп келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып кояды. Келінің түйгіш ағашы – келсапты да қойдың құйрық майын сініріп, өндеуден өткізеді. Келсаптың келіні түйгіштейтін жағы сөл жінішке болады да, басы жуандай салмақты етіп жасалады. Ал қолға ұстайтын жерінен ойық тұтқа шығарылып жасалады. Міне, осындаі келіге ата – бабаларымыз тары, жүгері, бидай тағы да басқа дақылдарды тую үшін қолданған. Отырар музейінің қорында қайынан, жиده және қара талдардан жасалған үлкенді-кішілі келілердің түрлері көптеп кездеседі. Оларға тоқталатын болсақ, жиده талының өзегі ұнғып жасалған музейдің этнография залының егін-шаруашылық бөлігінде кездесетін ТК- 462 нөміріндегі іні түйе терісімен қапталынған, биіктігі-48 м, дм-25 см, ал келсабының ұзындығы -1 м құрайтын келі-келсал және ТК-349 нөмірінде тіркелген музей қорынан орын алған кептірілген шөптен жасалынған дәрі-дәрмектерді түюге арналған келінің түрлерін көптеп кездестіре аламыз. Биіктігі-20 см, дм - 12 x 13 см болып келген кішігірім келінің бел ортасына екі сызық парелелль жүртізіліп, жоғарғы жағына ромбик тәрізді геометриялық өрнектің ішіне жұлдызша салынып, төменгі бөлігіне қошқар мүйізді ою-өрнектері ағашқа ойып түсірілген. Аталмыш кіші келсапты Отырар бөлімшесінің түрғыны Кенже Қалмағанбетова музей қорына өткізген. Бұл өткен ата-бабаларымыздың дәстүрінің бізге қалдырған күәгері іспетті.

Қазақ ыдыс-аяғының ішіндегі ең қарапайымы - пісрілген етті түсіруге, оны қонақ үйге тасуға пайдаланған астау мен жайпақ табак. Бұл ыдыстардың көлемі әртүрлі болады. Отырар музейінде осындаі астау мен жайпақ табақтардың да бірнеше түрі бар. Ағаш табақшалардың сан алуандығы ағаш шеберлерінің өзіндік жұмыс жасау стиліне де байланысты. ТК-7938 ағаш табақ жиده ағашынан шабылып, іші шұңғыл, қалындау болып шабылса, ТК-7940 ағаш табақшаның сыртқы көрінісі жылтыр етіп сыртқы көрінісіне ерекше мән беріп жасаған. Музей қорында сонымен қатар, қайың безінен сопакша болып ойылып жасалған, бір қойдың еті бүтіндей сиятын көлемі 50-90 см астау, сондай-ақ ет салатын жайпақ табақтар (жоғарыда атап өттік), ағаш тостағандар мен сорпа құятын үлкен ағаш ожай мен тамақ ішетін ағаш қасықтар, қымызға арналған саптақтардың түрлері көптеп кездеседі.

Ағаш ою өнері Отырар өнірінде ертеден-ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ағаш тақтайлар, тарақ тәрізді заттар арқылы да белгілі. Отырар алқабындағы ескі Құйрықтебе қаласының қамалын қазып ашқанда табылған тақтайлардың бірінде аң бейнелі тақта отырган қос құдай жұбы суреттелген. Ойып өрнектелген ағаштар Сырдария қалалары түрғындарының діни-наным сенімдері жөнінде өте бай мәліметтер береді.[6.39]

Еңбек құралдарынан бастап үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. заттар музейдің бет-бейнесі болып табылатын этнография залының этнография бөліміне қойылып, көрмермендердің жоғары бағасына ие болып келеді.

Елбасымыздың сезімен қорытындылар болсам: «Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздін қарашығындағы бағып жүретін, көптің кекейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы керек.» Ол үшін біздердің, яғни аға ұрпақтың жастарға айтарты мен қолына ұстарат өткен тарихынан сыр шертер атадан-балага мұра болған дүниесін мұражай арқылы табысталап кетер үлкен міндет бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабадан қалған асыл сөз. – Алматы. «Раритет» 2015.
2. Д.Шоқпарұлы, Д.Дәркембайұлы. Қазақтың қолданбалы өнері - Алматықітап 2007 .
3. Ә.Нұрпейісов. Қазақ халқының ою-өрнегі. - Алматы, Өнер. 2002.
4. Х.Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы.Өнер. 1987.
5. А.Нәлібаев. Ағаш ою - Алматы . Өнер. 1994.
6. Байпақов К.М., Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және орта ғасырлық Қазақстан. — Алматы. 1990.